Тахогенератор шығысындағы максимал кернеу $U_{тг\ max}$ мына формула бойынша анықталады:

$$U_{тг}=U_{тг\ ном}(n_{дв\ ном}/n_{тг\ ном})=230(63/100)=145, \quad (2.28)$$

мұндағы $U_{тг\ ном}$ - тахогенератордың номинал кернеуі, В;

$n_{дв\ ном}$ – қозғалтқыштың номинал айналу жиілігі, айн/мин;

$n_{тг\ ном}$ - тахогенератордың номинал айналу жиілігі, айн/мин.

Тахогенератордың беріліс коэффициент $к_{тг}$ мына формула бойынша анықталады:

$$к_{тг}=U_{тг\ max}/n_{дв\ ном}=145/63=2,3\ В/(айн/мин). \quad (2.29)$$

## 3 Көп арқанды шақтылық көтеру қондырғысының электржетегін автоматты басқару

Электржетектің автоматты басқару жүйесін құрайтын ток және жылдамдық реттегіштері мен тағы да басқа техникалық құралдар таңдалады.

Осыған дейінгі бөлімдерде таңдалған қондырғылардың негізгі параметрлері 3.1- кестеде көрсетілген.

**3.1- кесте - Таңдалған қондырғылардың негізгі параметрлері**

| Шама атаулары | Мәні |
|---|---|
| *Көтеру машинасы* | |
| Жалпы сермеу моменті | $\Sigma GD^2$=9150 кг·м$^2$ |
| Қалыпты үдеу мен тежеу | $a_1 = a_3$ =0,6 м/с$^2$ |
| Максимал жылдамдық | $v_{max}$=16 м/с |
| Үйкеліс шкивінің радиусы | $D_{шт}$ =5 м |
| *Қозғалтқыш* | |
| Номинал момент | $M_{ном}$ = 774 кНм |
| Номинал айналу жиілігі | $n_{ном}$ = 63 об/мин |
| Якорь орамының жалпы кедергісі | $R_я$ = 0,00348 Ом |
| Якорь орамының жалпы индуктивтілігі | $L_я$ = 0,08 мГн |
| Жатықтауыш дроссель индуктивтілігі | $L_р$ = 0,5 мГн |
| Номинал ток | $I_{я\,ном}$ = 5740 А |
| Тиімді ток | $I_{эф}$ = 4906 А |
| Максимал ток | $I_{я\,max}$ = 7610 А |
| Номинал кернеу | $U_{ном}$ = 930 В |
| Номинал қуат | $P_{ном}$ = 5000 кВт |
| Якорь орамының полюстер саны | 2р = 16 |
| Якорь орамының параллель тармақтар саны | 2а = 16 |
| Якорь орамының актив өткізгіштер саны | N = |
| Номинал магнит ағыны | $Ф_{ном}$ = 37,5 Вб |
| Номинал қоздыру кернеуі | $U_{в.ном}$ = 200 В |
| Номинал қоздыру тогы | $I_{в.ном}$ = 145 А |
| Қоздыру орамының кедергісі | $r_в$ = 0,87 Ом |
| Қоздыру орамының индуктивтілігі | $L_в$ = 3,1 Гн |
| Тахогенератордың беріліс коэффициенті | $К_{тг}$ = 2,3 В/айн/мин |
| Қоздыру орамының уақыт тұрақтысы | $Т_в$ = 3,06 с |
| Шунттың номинал тогы | $I_ш$ = 200 А |
| *Тиристорлық түрлендіргіш* | |
| Уақыт тұрақтысы | $Т_м$ = 0,02 с |
| Максимал түзетілген кернеу | $U_{d\,max}$ = 660 В |
| Беріліс коэффициенті | $К_{тп}$ = 82,5 |

*3.1- кесте жалғасы*

| Шама атаулары | Мәні |
|---|---|
| *Тиристорлық қоздырғыш* | |
| Уақыт тұрақтысы | $T_{вм}$ = 0,02 с |
| Максимал түзетілген кернеу | $U_{d\,max}$ = 1050 В |
| Беріліс коэффициенті | $K_{тв}$ = 131,25 |
| Форсировка коэффициенті | $K_{ф}$ = 3,06 |
| *Электржетек жүйесі* | |
| ЭҚК мен жылдамдық арасындағы пропорционалдық коэффициент | $K_{v}$ = 55 В/(м/с) |
| Күштеме мен якорь тогы арасындағы пропорционалдық коэффициент | $K_{F}$ = 52 Н/А |
| Жалпы келтірілген масса | $m_{п}$ = $188 \cdot 10^{3}$ кг |

## 3.1 Электржетек координаттарын бағынышты реттеу жүйесін есептеу

АБЖ параметрлерін КТЭУ электржетегінің құрамына кіретін УБСР-АИ элементтері негізінде есептейміз.

Жүйе якорь тізбегінің тогы $0{,}5I_{дв\ ном}$ шамасынан төмендеген кезде қоздыру тогын осы якорь тізбегінің тогына тәуелді реттеу қағидасына негізделіп құрылған. Реттеудің мұндай түрі қолданылған жүйе бағынышты реттеу жүйесі деп аталады.

АБЖ-ның нақты параметрлерін [3] –те келтірілген құрылымдық схеманы қолдана отырып есептейміз. Ол схема электромеханикалық үдерістердің абсолют бірліктермен көрсетілген математикалық жазбалары бойынша құрылған [3].

Есептеулер кезінде мынадай долбарлар (допущение) қабылдаймыз:

- механикалық жүйені бір массалы жүйе деп есептейміз;
- электрқозғалтқыштың шихталанған станинасындағы құйындық токтардың демпфирлеуші әсері жоқ деп есептейміз.

## 3.2 Қоздыру тогының реттеу контурын есептеу

Қоздыру тогының реттеу контурының құрылымдық және функционалдық схемалары 3.1-суретте көрсетілген.

Фильтрдің уақыт тұрақтысы $T_{фв}$ мына формула бойынша анықталады:

$$T_{фв} = \frac{\sqrt{к^2 - 1}}{2\pi mf} = \frac{\sqrt{5^2 - 1}}{2 \cdot 3{,}14 \cdot 6 \cdot 50} = 0{,}0025\ с, \qquad (3.1)$$

мұндағы к=5÷6 - пульсация деңгейінің азаюын ескеретін коэффициент [3];

m=6 – көпірлік схемаға арналған период ішіндегі пульсация сигналы;

f=50 Гц – қорек көзінің жиілігі.

Қоздыру тогының контурының уақыт тұрақтысы $T'_{\mu\ в}$ мына формула бойынша анықталады:

$$T'_{\mu в}=T_{\mu в}+T_{фв}=0{,}02+0{,}0025=0{,}0225\ с, \qquad (3.2)$$

мұндағы $T_{\mu\ в}$ - тиристорлық қоздырғыштың уақыт тұрақтысы, с;

$T_{фв}$ – фильтрдің уақыт тұрақтысы, с.

Фильтр параметрлері ($R_ф$ ,$C_ф$ ):

$$C_ф=T_{фв}/R_ф=0{,}0025/100=25\cdot10^{-6}\ Ф, \qquad (3.3)$$

мұндағы $R_ф$=10÷100 Ом - фильтр кедергісі;

$C_ф$ - фильтр сыйымдылығы.

Кері байланыс тізбегінің беріліс коэффициенті $К_в$:

$$K_в = \frac{R_{зтв}}{R_{тв}} \cdot \frac{U_{дтв}}{I_{вном}} = 1\frac{10}{145} = 0{,}069\ В/А, \qquad (3.4)$$

мұндағы $R_{зтв}$ и $R_{тв}$ – реттегіштің кірістік кедергілері ($R_{зтв}$=$R_{тв}$);

$U_{дтв}$=10В - номинал ток $I_{в\ ном}$ кезде датчик шығысындағы кернеу.




**3.1- сурет - Қоздыру тогының реттеу контурының құрылымдық (а) және функционалдық (б) схемалары**

Пропорционал реттегіштің статикалық қателігі $\Delta I_в$ мына формула бойынша анықталады:

$$\Delta I_в = I_{в.ном}\left(1-\frac{T_в}{T_в + a_{тв}T'_{\mu в}}\right) = 145\left(1-\frac{3{,}06}{3{,}06+2\cdot 0{,}0225}\right) = 2{,}1A < 0{,}05\cdot 145 = 7{,}25A, \qquad (3.5)$$

мұндағы $I_{в\ ном}$ – номинал қоздыру тогы, А;

$T_в$ - қоздыру орамының уақыт тұрақтысы, с;

$a_{тв}$=2 - модульдік оптимум шарты бойынша қабылданатын контурды баптау коэффициенті [3];

$T'_{\mu в}$ - қоздыру тогы контурының уақыт тұрақтысы, с.

$U_{дв}$=$U_{дтв}$ шартын жүзеге асырып, қоздыру тогы реттегішінің кірістік кедергі мәндері мынаған тең деп қабылдаймыз:

$R_{зтв}$=$R_{тв}$=10 кОм

Ток датчигінің талап етілетін коэффициенті $К_{дтв}$ мына формула бойынша анықталады:

$$K_{дтв} = \frac{I_{шном}}{I_{вном}} \cdot \frac{K_в}{K_{шв}} = \frac{200}{145} \cdot \frac{0,069}{0,075 / 200} = 254, \qquad (3.6)$$

мұндағы $I_{ш\ ном}$ - шунттың номинал тогы, А;

$I_{в\ ном}$ – номинал қоздыру тогы, А;

$К_в$ - кері байланыс тізбегінің беріліс коэффициенті;

$К_{шв}=U_{ш\ ном}/I_{ш\ ном}$ - шунт коэффициенті.

Алдын ала ДТ-3АИ(УБСР-АИ) типті ток датчигінің ячейкасын қабылдаймыз. Оның беріліс коэффициенті 53,3÷133,3 шектерінде реттеледі. Ток датчигінің талап етілетін коэффициенті азайту үшін бір-бірімен параллель жалғанған 75ШСМ 200А типті екі шунтты қолдануға болады [3].

Қоздыру тогы реттегішінің кері байланыс кедергісі $R_{отв}$ мына формула бойынша анықталады:

$$R_{отв} = R_{этв} \frac{T_в r_в}{a_{тв} T'_{\mu в} K_{тв} K_в} = 10 \cdot 10^3 \frac{3,06 \cdot 0,87}{2 \cdot 0,0225 \cdot 131,25 \cdot 0,069} = 65\ кОм, \qquad (3.7)$$

мұндағы $R_{зтв}$ - қоздыру тогы реттегішінің кірістік кедергісі, Ом;

$T_в$ - қоздыру орамының уақыт тұрақтысы, с;

$r_в$ - қоздыру орамының кедергісі, Ом;

$a_{тв}$ - контурды модульдік оптимумге баптау коэффициенті;

$T'_{\mu в}$ - қоздыру тогы контурының уақыт тұрақтысы, с;

$К_{тв}$ - тиристорлық қоздырғыштың беріліс коэффициенті;

$К_в$ – кері байланыстың беріліс коэффициенті.

Номинал және жедел (форсировка) режімдерге арналған қоздыру тогы реттегішінің шығыстық кернеуінің тұрақтанған деңгейлері $U_{ртв\ ном}$ $U_{ртв\ ф}$ мына формула бойынша анықталады:

$$U_{ртв.ном} = \frac{U_{в.ном}}{K_{тв}} = \frac{145}{131,25} = 1,1\ В;\ U_{ртвф} = \frac{U_{вном} K_ф}{K_{тв}} = \frac{145 \cdot 3,06}{131,25} = 3,4\ В < 15\ В. \qquad (3.8)$$

мұндағы $U_{в\ ном}$ - қоздыру орамының номинал кернеуі, В;

$К_{тв}$ - қоздыру орамының беріліс коэффициенті;

$К_ф$ - форсировка коэффициенті.

Сонымен, ДТ-3АИ(УБСР-АИ) типті ток датчигінің ячейкасын қабылдаймыз.

### 3.3 Якорь тізбегіндегі токты реттеу контурын есептеу

Якорь тізбегіндегі токты реттеу контурының құрылымдық және функционалдық схемалары 3. 2-суретте көрсетілген.

Ток датчигі кірісіндегі фильтрдің уақыт тұрақтысы $T_{фт}$ мына формула бойынша анықталады:

$$T_{фт} = \frac{\sqrt{к^2 - 1}}{2\pi mf} = \frac{\sqrt{5^2 - 1}}{2 \cdot 3{,}14 \cdot 12 \cdot 50} = 0{,}00125\ с, \qquad (3.9)$$

мұндағы к=5÷6 - пульсация деңгейінің азаюын ескеретін коэффициент [3]

m=12 – жұптасқан үшфазалы көпірлік схема үшін период ішіндегі сигнал пульсациясы;

f=50Гц – қоректендіруші торап жиілігі.

Т-пішінді фильтр сыйымдылығы мына формула бойынша анықталады:

$$C_ф = T_{фт}/R_ф = 0{,}00125/100 = 12{,}5\ мкФ, \qquad (3.10)$$

мұндағы $R_ф$ - 10÷100 Ом шектерінде қабылданатын кедергі.

Ток контурының эквиваленттік, компенсацияланбайтын уақыт тұрақтысы мына формула бойынша анықталады:

$$T'_{\mu т} = T_{\mu т} + T_{фт} = 0{,}02 + 0{,}00125 = 0{,}02125\ с, \qquad (3.11)$$

мұндағы $T_{\mu т}$=0,02с - тиристорлық түрлендіргіштің уақыт тұрақтысы.

*Шешім*: якорь тогы $I_я$ мен қоздыру тогын $I_в$ үйлесімді басқару $U_{рс}$ жылдамдық реттегішінің шығысындағы кернеу функциясында жүргізіледі деп қабылдаймыз.

Реверстелудің басталу шарты $I_в/I_я$=0,5I деп, яғни қоздыру тогының өзгерісі басталатын якорь тогының деңгейі мынаған тең деп қабылдаймыз:

$i_{я\ рев}$=0,5.

Якорь тогының өзгеру жылдамдығының рұхсат етілген мәні мына формула бойынша анықталады:

$$\frac{di_Я}{dt} = \frac{K_n i_{ярев}}{T_в \ln\left(\frac{K_ф + 1}{K_ф - 1}\right)} = \frac{2 \cdot 0{,}5}{3{,}06 \ln\left(\frac{3{,}06 + 1}{3{,}06 - 1}\right)} = 0{,}48\ с^{-1}, или\ \frac{dI_я}{dt} = 0{,}48 \cdot 5740 = 2764\ А/с, \qquad (3.12)$$

мұндағы $К_п$=2 – якорь тогы бойынша асқын жүктемені ескеретін коэффициент [3];

$Т_в$ – қозғалтқыштың қоздыру орамының уақыт тұрақтысы, с;

$К_ф$ - форсировка коэффициенті;

$i_{я\ рев}$ - қоздыру тогының өзгерісі басталатын, якорь тогының салыстырмалы мәні (реверс).

Ток реттегішін баптау параметрінің максимал мәні $а_т$ мына шарт бойынша анықталады:

$$a_m \le \frac{i_я}{5T'_{\mu m}\frac{di_я}{dt}} = \frac{1}{5 \cdot 0{,}02125 \cdot 0{,}48} = 19{,}6. \qquad (3.13)$$

*Шешім*: Ток реттегішін баптау параметрін модульдік оптимум шарты бойынша, $а_т$=2 деп қабылдаймыз.

Ток контурындағы кері байланыстың беріліс коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$K_m = \frac{R_{зт}}{R_m} \cdot \frac{U_{дт\,max}}{I_{я\,max}} = 1\frac{11{,}4}{7610} = 0{,}0015\ В/А, \qquad (3.14)$$

мұндағы $R_{зт}$ и $R_т$ – ток реттегішінің кірістік кедергілері; олардың қатынасы бірге тең деп қабылданады;

$U_{дт\ max}$ - УБСР-АИ-дың қорек кернеуі (мәні 15 В-тан аспау керек).

Шунт коэффициенті паспорттық берілістер бойынша анықталады:

$$К_ш = U_{ш\ ном} / I_{ш\ ном} = 0{,}075/10000 = 75 \cdot 10^{-6}\ В/А, \qquad (3.15)$$

мұндағы $U_{ш\ ном}$=75 мВ (75 ШСМ шунты үшін) [3];

$I_{ш\ ном}$ - шунттың номинал тогы.

Ток датчигі коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$K_{дт} = \frac{I_{шном}}{I_{я\,max}} \cdot \frac{K_m}{K_ш} = \frac{10000 \cdot 15 \cdot 10^{-4}}{7610 \cdot 75 \cdot 10^{-6}} = 26. \qquad (3.16)$$




**3.2-сурет - Якорь тізбегіндегі токты реттеу контурының құрылымдық (а) және функционалдық (б) схемалары**

Ток реттегіші параметрлері мына формула бойынша анықталады:

$$R_{зт} = R_т = \frac{T_{ит}}{C_{от}} = \frac{a_m T'_\mu \frac{K_{тп} K_т}{R_я}}{C_{от}} = \frac{2 \cdot 0{,}02125 \cdot 131{,}25 \cdot 0{,}0015}{2 \cdot 10^{-6} \cdot 0{,}01438} = 290\ кОм; \qquad (3.17)$$

$R_{от}=T_я/C_{от}=0{,}08\cdot10^{-3}/(2\cdot10^{-6}\cdot0{,}01438)=2{,}78$ кОм,

мұндағы $T_{ит}$ - ПИ-реттегішінің интегралдық бөлігінің уақыт тұрақтысы, с;

$C_{от}=2\div3$мкФ - Ток реттегішінің кері байланыс сыйымдылығы [3];

$T_я=L_я/R_я$ - якорь тізбегінің уақыт тұрақтысы, с;

$K_{тп}$, $R_я$, $L_z$ – берілген шамалар.

Интегратордың уақыт тұрақтысы:

$$T_{ип} = \frac{i_{я\,max}}{\frac{di_я}{dt}} = \frac{1{,}33}{0{,}48} = 2{,}77\ c, \qquad (3.18)$$

мұндағы $i_{я\ max}=I_{я\ max}/I_{я\ ном}$=7610/5740=1,33.

Сызықтық аймақтағы бейсызықты элементтің күшейту коэффициенті:

$$K_{нэ} = \frac{T_{ин}}{a^2 T'_{\mu}} = \frac{3}{2^2 \cdot 0{,}02125} = 35{,}3. \qquad (3.19)$$

R1=10 кОм кездегі R3 кері байланыс кедергісі:

$$R3=R1\cdot K_{нэ}=10K_{нэ}=10\cdot 35{,}3=353\ Ом. \qquad (3.20)$$

С1=3 мкФ кездегі У2 күшейткішіне арналған R4 кірістік кедергісі:

$$R4=T_{ип}/C1=3/(3\cdot 10^{-6})=100\ кОм. \qquad (3.21)$$

У1күшейткішінің шектеуші кернеуі:

$$U_{огр} = \frac{U_{от\,max} I_{я ном}}{I_{я\,max}} = \frac{11{,}4 \cdot 5740}{7610} = 8{,}6\ В. \qquad (3.22)$$

У1 күшейткішіне арналған R2 кірістік кедергісі:

$$R2=R1=10\ кОм. \qquad (3.23)$$

### 3.4 Жылдамдықты реттеу контурын есептеу

Қозғаушы күштеме өсімшесінің максимал мәні $\Delta F_{ст\ max}$ мына шарт бойынша анықталады:

$$\Delta F_{ст\ max} \le 0{,}1F_1=0{,}1\cdot 339400=33{,}94\ кН, \qquad (3.24)$$

мұндағы $F_1$ – бастапқы уақыт моментінде статикалыққа тең қозғаушы күштеме, Н.

*Шешім:* Тұйықталған реттеу жүйесінде жылдамдық 1%-тен артыққа өзгермейтін қозғаушы күштеменің максимал мәні мынаған тең деп қабылдаймыз:

$$\Delta V_{max}=0{,}01\cdot 16=0{,}16\ м/с. \qquad (3.25)$$

Тұйықталған басқару жүйесіндегі статикалық қателіктің абсолют мәні $\Delta V_a$ мына формула бойынша анықталады:

$$\Delta V_a = \frac{R_я a_c T_{\mu c}}{K_к T_м K_\upsilon} \Delta F_{ст\,max} = \frac{0{,}01438 \cdot 2 \cdot 0{,}15}{55 \cdot 52 \cdot 0{,}95} \cdot 33{,}94 \cdot 10^3 = 0{,}054\ м/с, \qquad (3.26)$$

мұндағы $a_c$=2 – жылдамдық реттегішінің баптау параметрі [3];

$T_{\mu c}=a^2_т(T_\mu+T_{фт})+T_{фс}$=4(0,02+0,0125)+0,02=0,15 с – жылдамдық контурының эквивалентті, компенсацияланбайтын уақыт тұрақтысы, с;

$a_т$=2 - ток реттегішінің баптау параметрі [3];

$T_\mu$=0,02с - тиристорлық түрлендіргіштің уақыт тұрақтысы [3];

$T_{фт}$ - ток датчигі кірісіндегі фильтрдің уақыт тұрақтысы, с;

$T_{фс} = \frac{\sqrt{K^2 - 1}}{2\pi f} = \frac{\sqrt{3^2 - 1}}{2 \cdot 3{,}14 \cdot 6{,}7} = 0{,}02\ с$ - жылдамдық датчигі кірісіндегі фильтрдің уақыт тұрақтысы, с;

К=3 - тахогенератор кернеуі пульсациясының азаю еселігі [3];

$f = \frac{2pn_{тгном}}{60} = \frac{2 \cdot 2 \cdot 100}{60} = 6{,}7\ Гц$ - тахогенератордың полюстік пульсацияларының жиілігі, Гц;

$K_K$, $K_V$ – берілген шамалар;

$T_м$ – электржетектің электромеханикалық уақыт тұрақтысы, с; m, $R_\Sigma$ - бұрын есептелген шамалар.

Тұйықталған жүйедегі тұрақтанған режім кезінде статикалық қателіктің салыстырмалы мәні мына формула бойынша анықталады:

$$\Delta V\% = (\Delta V_a / V_{max})100\% = (0{,}054/16)100 = 0{,}34 < 1\%. \qquad (3.27)$$

Реттеу уақыты мына формула бойынша анықталады:

$$t_{рег} = 5\delta \frac{V_{max}}{a_{max}} = 5 \cdot 0{,}03 \frac{16}{0{,}8} = 3\ с, \qquad (3.28)$$

мұндағы δ=0,03 - жылдамдық бойынша рұхсат етілген допустимая динамикалық қателік [3];

$V_{max}$ – көтеру ыдыстарының максимал қозғалыс жылдамдығы, м/с;

$a_{max}$ – жылдамдық алу мен тежеу кезіндегі максимал удеу, м/с$^2$.

Уақыт масштабы Z мына формула бойынша анықталады:

$$Z = t_{рег}/t_{нор} = 3/6 = 0{,}5\ с, \qquad (3.29)$$

мұндағы $t_{нор}$=6 с – өтпелі үдерістің нормаланған уақыты [3].

Z=0,5, $\Theta_т$=0,15 параметрлері үшін өтпелі үдеріс графигін қабылдаймыз [5].

Екі рет интегралдаушы жылдамдық контурын баптау параметрлері мына теңдік шарттары бойынша анықталады:

$$в_c a_c^2 a_т^2 \Theta_\mu^2 = 2{,}5Z^2;\ в_c a_c a_т \Theta_\mu = 2{,}5Z. \qquad (3.30)$$

Осыдан

$$в_c = 2{,}5;\quad a_c = Z/(a_т \Theta_\mu) = 0{,}5/(2\times 0{,}15) = 1{,}7. \qquad (3.31)$$

*Шешім:* Жылдамдықты реттеу контурының құрылымдық және функциональдік схемаларын қабылдаймыз (3.3-сурет).

Жылдамдық бойынша кері байланыс коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$K_c = \frac{R_{зс} U_{дс}}{R_c V_{max}} = 1\ В/(м/с), \qquad (3.32)$$

мұндағы $R_{зс}=R_c$;

$U_{дс}$ – көтеру жылдамдығы $V_{max}$ кезде жылдамдық датчигінен алынған В кернеуі, м/с.

ДН-2АИ (УБСР-АИ) типті кернеу датчигі ячейкасын қолданамыз және оның кірісін тахогенератор шығысымен кернеу бөлгіштерінің көмегімен $R_д'$ и $R_д''$ жалғаймыз. $|U_{дс}|=|V_{max}|$ деп қабылдаймыз [3].

Тахогенератордан алынған кернеу мына формула бойынша анықталады:

$$U_{тг} = U_{тгном} \frac{n_{двном}}{n_{тгном}} = 230 \frac{65}{100} = 149{,}5\ В, \qquad (3.33)$$

мұндағы $U_{тг\ ном}$ –тахогенератордың номинал кернеуі, В;

$n_{тг\ ном}$ - тахогенератордың номинал айналу жиілігі, айн/мин;

$n_{дв\ ном}$ – қозғалтқыштың номинал айналу жиілігі, айн/мин.

Кернеу бөлгішінің толық кедергісі мына формула бойынша анықталады:

$$R_д=U_{тг}/I_{тг\ ном}=149,5/0,1=1,5\ кОм, \qquad (3.34)$$

мұндағы $I_{тг\ ном}$ - тахогенератордың номинал тогы, А.

Резисторлар қуаты:

$$P_д=U_{тг}I_{тг\ ном}=149,5\times0,1=14,95\ Вт. \qquad (3.35)$$




**3.3 - сурет- Жылдамдықты реттеу контурының құрылымдық (а) және функциональдік (б) схемалары**

$$R_д' = \frac{R_д U_{дс}}{U_{тг}} = \frac{1495 \cdot 16}{149,6} = 160\ Ом. \qquad (3.36)$$

Үйлестіру шарты:

$$R_д' \le \frac{R_{вх\ д}}{10} = 2400/10 = 240\ Ом, \qquad (3.37)$$

мұндағы $R_{вх\ д}$=2,4кОм - ДН-2АИ(УБСР-АИ) датчигінің кіріс кедергісі.

*Жылдамдықтың ПИ-реттегішінің беріліс функциясы:*

$$W_{рс}(p)=\frac{T_{\mu}(в_c a_c T_{\mu} p+1)}{\frac{K_c R_я}{K_m K_v} в_c a_c^2 T_{\mu c}^2 p}=\frac{T_{\mu}}{\frac{K_c R_я}{K_m K_v} a_c T_{\mu c}}+\frac{1}{\frac{K_c R_я}{T_м K_m K_v} в_c a_c^2 T_{\mu c}^2 p}=K_{пс}+\frac{1}{T_{\mu c} p}, \qquad (3.38)$$

Жылдамдықтың ПИ-реттегішінің параметрлері:

$$K_{пс}=\frac{T_{\mu} K_m K_v}{K_c R_я a_c T_{\mu c}}=\frac{0{,}95\cdot 0{,}0015\cdot 55}{1\cdot 0{,}01438\cdot 1{,}7\cdot 0{,}15}=21{,}4. \qquad (3.39)$$

*Көтеру арқандарының қатаңдық шарты:*

$K_{пс}\geq 10$ болғандықтан демпфирлеуші коэффициент қабылдау қажет:

$$a_c=\frac{T_{\mu} K_m K_v}{K_c K_я T_{\mu c} K_{пс}}=\frac{0{,}95\cdot 0{,}0015\cdot 55}{1\cdot 0{,}01438\cdot 0{,}15\cdot 21{,}4}=1{,}7, \qquad (3.40)$$

мұндағы $K_{пс}=10$ [3].

Жылдамдықтың ПИ-реттегішінің интегралдық бөлігінің уақыт тұрақтысы:

$$T_{ис}=\frac{K_c R_я}{T_{\mu} K_m K_v} в_c a_c^2 T_{\mu c}^2=\frac{1\cdot 0{,}01438}{0{,}95\cdot 0{,}0015\cdot 55}\cdot 2{,}5\cdot 1{,}7^2\cdot 0{,}15^2=0{,}03\ с. \qquad (3.41)$$

РС-1АИ (УБСР-АИ) типті жылдамдық реттегіші ячейкасын таңдаймыз.

Жылдамдық реттегішінің кірістік кедергілері ($C_{ос}$=2мкФ):

$$R_{зс}=R_c=T_{ис}/C_{ос}=0{,}03/(2\cdot 10^{-6})=15\ кОм. \qquad (3.42)$$

Жылдамдық реттегішінің кері байланыс кедергілері:

$$R_{ос}=R_{зс}K_{пс}=15000\cdot 21{,}4=321\ кОм. \qquad (3.43)$$

Жылдамдық реттегішінің кірісіндегі фильтр параметрлері:

$$T_ф'=в_c a_c T_{\mu c}=2{,}5\cdot 1{,}7\cdot 0{,}15=0{,}64\ с; \qquad (3.44)$$

$$C_{фс}=T_ф'/(0{,}5R_{зс})=0{,}64/(0{,}5\cdot 15000)=0{,}85\ мкФ. \qquad (3.45)$$

## 4 Кәсіпорындағы электр қауіпсіздігі

### 4.1 Қызметкердің электроқауіпсіздігі

Кәсіпорында қауіпсіздікпен қамтамасыз ету, еңбекті қорғаудың жағдайы мен еңбек ұжымдарын оның нәтижелері туралы дер кезінде ақпараттандыру жұмыс берушілерге жүктеледі. Кәсіпорындарда қауіпсіз еңбек шарттарымен қамтамасыз ету бойынша жұмыс берушінің міндеттері мен жұмысшылардың еңбекті қорғау бойынша нұсқаулар мен нормаларды, ережелерді, стандарттарды сақтау ұжымдық келісім шартта қарастырылған. Ұжымдық келісім шарт негізінде және мемлекеттік басқару ұйымдарымен орнатылған еңбек шарты бойынша жұмысшыларға меншік иесінің есебінен арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа жеке қорғаныс құралдары, жуушы және дезинфекциялық материалдар беріледі.

Қызмет етуші қызметкердің электроқауіпсіздігі МЕСТ 12.1.009-96 – ке сәйкес адамдарға электр тогының, электрлік доғаның және электрмагнитті өрістің қауіпті және зиянды әсерлерінен қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдық жәнетехникалық құралдар мен шаралар жүйесі деп аталады.

Электр тогының соғуына электр қондырғысының ток өткізгіш бөліктеріне адамдардың жанасу алып келуі мүмкін. Соғу токтың сал қылушы және қиратқыш әсерлерінен ішкі және сыртқы мүшелерінде – бұлшық еттерде, дем алу мүшелерінде, жүректе, жүйке жүйесінде –көрінеді.

Ток соғу дәрежесі факторлар тізбектерінеде тәуелді, соның ішінде адам денесінің кедергісінің мәнінеңде. Бұл кедергі тері қабатының қалыңдығы мен жағдайына, оның құрғақтығына немесе дымқылдығына, адамның денсаулық жағдайына, токтың өту ұзақтығына, аяқ киім мен киімнің ток оқшаулағыштық құрылысына тәуелді болады. Айтылған жағдайларға тәуелді ол өте кең шектерде 500 – ден 10000 Ом – ға дейін өзгереді. Есептеулер кезінде жанасу кернеуі 50В болғанда кедергіні 1000 Ом – ға тең деп қабылдайды.

Соғу дәрежесі адам денесінің учаскелері немесе мүшелері арқылы токтың өту ұзақтығына тәуелді болады. Сонымен бірге ол арқылы токтың ағуы оның көмірленуіне және ішкі мүшелердің жылулық қирауын шақыратын дененің жалпы электрлік кедергісінің бірден төмендеуі мен ток өсуіне алып келеді.

Электр қондырғыларында қауіпсіз жұмыспен қамтамасыз ететін ұйымдық шаралар болып келесілер табылады:

а) бұйрықпен немесе ағымдағы эксплуацациялау ретіндегі орындалатын жұмыстар тізімімен нарядпен – жіберілуімен жұмысты дайындау;

б) жұмысқа жіберілу;

в) жұмыс уақытында қадағалау;

г) жұмыстың аяқталуын, басқа жұмыс орнына ауысуын және жұмыс кезіндегі демалыстарды хаттау.

Электриктер жұмысқа келген кезде және содан кейін жылына 2 рет медициналық тексеруден өтулері тиіс, ал егер биікте жұмыс істейтін болса

жылына 1 рет. Техника қауіпсіздігінің сұрақтарында барлық квалификация бойынша жұмыс істейтін электр қондырғыларда қызмет ететіндер бес квалификационды топтарға бөлінеді.

Кернеуді алып тастап орындалатын жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық шаралар.

Кернеу алынғаннан кейін жұмыс орнын дайындау үшін келесі шаралар көрсетілген ретте орындалу қажет:

- жұмыс орнына кернеу беру мен жаңылысып қосудың болмауы үшін қажетті өшірулер мен керекті шаралар;
- коммутациялық аппаратпен алыстан басқару кілт немесе қолмен басқару жетектерінде тиым салынған плакаттар ілінген;
- төк өткізгіш бөліктерде кернеудің жоқ екендігі тексерілген және қажеттілік кезінде адамдарды токтың соғуынан қорғау үшін жерлестіру салынған;

Сөндірулердің орындалу реті.

Кернеу алынуымен жұмастардың өндіру орындарында 1000 в жоғары кернеулі элекрт қондырғыларда өшулі болуы қажет:

- жұмыс жүргізілетін ток өткізгіш бөліктер;
- адамдардың жақындауы мүмкін ток өткізгіш бөліктер;

Егер ток өткізгіш бөліктердің өшірілуі мүмкін болмаса, онда олар қоршаулы болуы қажет.

1000 В дейінгі электр қондырғыларда жұмыс жүргізілетін ток өткізгіш бөліктерде кернеу барлық жағынан алынуы қажет.

Кернеу алынбай қауіпсіз жұмыспен қамтамасыз ететін техникалық шараларға келесілер жатады:

- электромонтердың жұмыс орны ток өткізгіш бөліктер оның алдында немесе бір жағында болатындай орналасуы;
- қорғаныс құралдарын пайдалану;
- таза және құрғақ бас киімі және ұзын жеңдері түймеленуші арнайы киімдерді пайдалану;
- электр қозғалтқыштардға қызмет көрсету:
- электр қозғалтқыштың ток өткізгіш бөліктеріне жанасумен немесе электр қозғалтқыштың айналу бөліктеріне және онымен қозғалысқа келіп тұрған мехенизмдерге жанасумен байланысты жұмыстар кезінде электр қозғалтқыштың жіберу құрылғысында немесе басқару кілтіне плакатілу қажет.
- 1000В жоғары кернеулі электр қозғалтқышта немесе онымен қозғалысқа келіп тұрған мезанизмдерде ток өткізгіш немесе айналу бөліктеріне жанасуға байланысты жұмыстар кезінде электр қозғалқыштан кернеу алынуы қажет.
- электр қозғалтқышпен жұмыс кезінде жерлестіру кабельге жапсырылады немесе оның РУ қосылуы.
- механизммен жұмыс кезінде, егер ол айналу бөліктерне жанасумен байланыспаса немесе егер қосылған муфта ажыратылса электр жетектің қоректендіру кабелін жерлестіру талап етілмейді.

- желдеткіштердің, түтін сорғыштардың, соғыштардың электр қозғалтқыштарына жұмысқа жіберілер алдында, егер электр қозғалтқыштардың олармен бірген қосылған механизмдерден айналуы мүмкін болса соңғысының сұқпажапқышы мен ысырмалар жабық болуы қажет, сонымен қатар электр қозғалтқыштың роторын тежеу бойынша шаралар қабылданған.
- электр қозғалтқыштардың айналу бөліктерінің қоршауын олардың жұмысы уақытында алуға тиым салынады.
- қолмен басқарылатын жетекті жіберу кернеуі 1000В – тан жоғары электр электр қозғалтқыштарды қосу мен сөндіру бойынша операцияларды оқшауланған жерде тұрып диэлектрлік қолбақты пайдаланып іске асырады.

Жұмыстық электр қозғалтқыштағы щеткалы аппаратқа қызмет көрсетуге электр қауіпсіздігі бойынша 3 – ші топтан төмен емес осы мақсат үшін дайындалған адам немесе оперативті қызметкер жіберіледі.

- бұл кезде келесі алдын ала сақтау шараларын ұстану қажет: бас киіммен және түймеленген арнайы киіммен жұмыс істеу, машинның айналушы бөліктеріне жанасудан сақтану, диэлектрлік голоштарды немесе резеңке кілемдерді пайдалану, екі полюстердің ток өткізу бөліктерін немесе ток өткізгіш және жерлестіру бөліктерін бір уақытта қолдарымен ұстамау.
- жұмыс істеп тұрған көп жылдамдықты электр қозғалтқыштың пайдаланылмаған орамасы мен қоректенуші кабелін кернеу қатынасында сияқты қарастыру қажет.

Барлық жоғарыда айтылған кешендік шаралар электр қондырғылардың қауіпсіз жұмыс ұйымы үшін қажет және сәйкесінше барлық өндірістің құрылымдық бөлімшелерімен орындалуы қажет.

## 4.2 Қорғаныстық жерлестіру және қорғаныстық нөлдестіру

Қорғаныстық жерлестіру және нөлдестіру, сонымен қатар басқада теникалық құрылғылар мен әдістер электр қондырғылардың оқшаулағыштарының бұзылу кезінде өшу шарттарын қамтамасыз ету және электр тогының соғуынан қорғау үшін қолданылады.

Қорғаныстық жерлестіру деп электр қондырғылардың металдық бөліктерінің жерлестіруімен қосылуын айтады.

Жерлестіру деп әртүрлі профилді төменкөміртегілі болаттан дайындалған жерге терең орналастырылған металл бөліктерді айтады. Жерге қағылатын қдағыштар түріндегі жерлендірулер электродтар деп аталады. Олар жалғыз немесе топтық болуы мүмкін. Ортақ сызықтық топтық электродтардың электрлік қосылысы жерлестіру контурын құрады.

Жерлестіру адам жанасқан кернеуді қауіпсіз мәнге дейін төмендетеді, өйткені изоляцияның бұзылған кезінде адам кедергісі адам кедергісімен салыстырғанда айтарлықтай аз электрлік тізбекке параллельді жерлестіру

болып қосылады. Бұл бұзылған қондырғыға жанасқан адам арқылы ағатын ток мәнін айтарлықтай төмендетеді.

Жүйеде жерлестірулерді оқшауланған – бейтарапты және бітеу бейтарапты болып ажыратады.

Нөлдестіру деп үш фазалы ток желісіндегі трасформатордың немесе генератордың бітеу жерлестірілген бейтарапты электр қондырғының бөліктерінің арнайы қосылуы айтылады. Нөлдестіру кернеуі 1000 В – қа дейінгі электр қондырғыларда қолданылады.

Қорғаныштық нөлдестірудің әрекеті қондырғылардың фазалары немесе фазалардың изоляциясының бұзылуы кезінде қорғаныс аппаратымен өшірілетін Ік қысқа тұйықталу пайда болуымен қортындыланады. Нөлдестірілген қондырғылар үшін қондырғының ток өткізбейтін металды бөліктердің жерлестіруге қосатын қайта жерлестіру орындалады.

Жерлестіру мен нөлдестіруді мынадай етіп қабылдауға болады:

- айнымалы токтың 380 В және жоғары кернеуі кезінде және тұрақты токтың 440 В және жоғары – барлық жағдайларда.

- айнымалы токтың 42 В жоғары кернеуі кезінде және тұрақты токтың 110 В – қауіптілігі жоғарғы ғимараттарда, аса қауіпті және сыртқы қондырғыларда.

Айнымалы токтың 42 В дейін және тұрақты токтың 110 В кернеуі кезінде жерлестіру немесе нөлдестіру талап етілмейді.

Жерлестірулерге немесе нөлдестіруге мыналар жатады:

- жарықтандырғыштардың, трансформаторлардың, аппараттарды, электр машиналарының қаңқалары және т.с.с.;

- электрлік аппараттардың жетектері;

- өлшеу трансформаторларының екіншілік орамалары;

- жарықтандыру щиттарының, тарату щиттарының, басқару шкафтарының, щиттардың қаңқалары және т.с.с.

- тарату құрылғыларының металдық құрылыстары, металдық кабельдік муфта, бақылаушы және күштік кабельдердің металды қабықшасы мен қорғанышы, электр өткізгіштердің болат құбырлары және т.б.;

- электр қабылдағыштардың қозғалмалы және тасымалдамалы металды қаңқалар;

- бақылаушы және күштік кабельдердің металды қабықшасы мен қорғанышы және жалпы металды конструкцияларға салынған 42В дейінгі айнымалы және 110В тұрақты ток кернеулі өткізгіштер.

Жерлестіру орнату кезінде топырақ кедергісі маңызды мағына ие.

Жерлендіруші қондырғының кедергісі.

Жерлендіруші қондырғының кедергісі жоғары болмауы қажет:

бітеу жерлестірілген бейтарапты 1000В жоғарғы қондырғыларда табиғи жерлестіруді есепке алғанда 0,5 Ом с

- оқшауланған бейтарапты 1000В жоғары қондырғыларда 125/I Омбір уақытта 1000В – қа дейінгі қондырғыларда пайдаланылатын жерлестіру

қондырғылары үшін, 250/I Ом – тек 1000В – тан жоғарғы қондырғылар үшін, мұндағы I – жерге тұйықталатын есептік ток.

- бітеу жерлестірілген бейтарапты 1000В – қа дейінгі қондырғыларда – 660, 380 және 220В сызықтық кернеу кезінде сәйкесінше 2,4 және 8 Ом.

- оқшауланған бейтарапты 1000В дейінгі қондырғыларда – 4 Ом. Трасформаторлардың номиналды қуаттары кезінде 100кВА дейін – 10 Ом – нан көп емес.

### 4.3 Көтеру қондырғысының қорғаныс жерлестіруін есептеу

ПУЭ – ге сәйкес жерлестіру қондырғысының мүмкін мәні $R_{мүм.} = 4$ Ом.

Болат құбырдан жасалған тік жерлестіргішті таңдаймыз:

Құбыр диаметрі: d = 40 мм.

Құбыр ұзындығы: L = 2,5 м.

Құбырды салу тереңдігі: H = 0,7 м.

Жалғанушы жолақ: 5 х20 мм; H = 0,7 м; a = 3 м.

Топырақтың салыстырмалы кедергісін табамыз:

$$\rho_{гр} = 150 \text{ Ом} \times \text{м}$$

Жеке жерлендірігштің кедергісі:

$$R = \frac{\rho_{гр}}{2 \times \Pi \times \ell} \times \left( \ell n \frac{2 \times \ell}{d} + \frac{1}{2} \times \ell n \frac{4 \times H + 3 \times \ell}{4 \times H + \ell} \right) \text{ Ом}$$

$$R = \frac{150}{2 \times 3{,}14 \times 5} \times \left( \ell n \frac{2 \times 2{,}5}{0{,}04} + \frac{1}{2} \times \ell n \frac{4 \times 0{,}7 + 3 \times 2{,}5}{4 \times 0{,}7 + 2{,}5} \right) = 23{,}6 \text{ Ом}$$

$$R > R_{доп}$$

Сондықтан жерлендіргіштер санын анықтаймыз:

$$n^{/} = \frac{R}{R_{доп}}$$

$$n^{/} = \frac{23{,}6}{4} = 6 \text{ дана}$$

Контур бойынша жерлендіргіштерді орналастыру кезінде тік жерлендіргіштердің пайдалану коэффициентін $\eta_в$ анықтаймыз:

$$\eta_в = 0{,}75$$

Жерлестірушілердің санын дәлірек анықтаймыз:

$$n = \frac{R}{R_{доп} \times \eta_в}$$

$$n = \frac{23{,}6}{4 \times 0{,}75} = 8 \text{ дана}$$

жалғанған жолақтардың кедергісі:

$$R_{пол} = \frac{\rho_{гр}}{2 \times \Pi \times \ell_{пол}} \times \ell n \frac{2 \times \ell^2_{пол}}{B \times H}$$

мұндағы $L_{пол} = 1{,}05 \times a \times n$

$$L_{пол} = 1{,}05 \times 3 \times 8 = 25{,}2 \text{ м}$$

$$R_{пол} = \frac{150}{2 \times 3{,}14 \times 25{,}2} \times \ell n \frac{2 \times 25{,}2^2}{0{,}02 \times 0{,}7} = 10{,}8 \text{ Ом}$$

Жалғанған жолақтардың пайдалану коэффициенттері

$$\eta_в = 0{,}79$$

Жерлестіруші құрылғының кедергісі:

$$R_{общ} = \frac{R_{пол} \times R}{R \times \eta_{пол} + R_{пол} + \eta_в \times n} \text{ Ом}$$

$$R_{общ} = \frac{10{,}8 \times 23{,}6}{23{,}6 \times 0{,}79 + 10{,}8 \times 0{,}75 \times 8} = 3{,}05 \text{ Ом}$$

$$R_{общ} < R_{доп}$$

Сәйкесінше есептелген жерлестіруші құрылғы ПУЭ талаптарын қанағаттандырады.

## 5 Экономикалық бөлім

Жобаны енгізуге байланысты шығындарды екі топқа бөлуге болады: капиталды енгізуге кететін шығындар және автоматтандырылған технологиялық процесті енгізумен байланысты эксплуатациялы шығындар.

Бірінші топқа монтаждық жобаның, ғимараттың, жабдықтардың құны және транспортты шығындар, ал екінші топқа–амортизациялы есеп, жұмыс күшінің, энергияның, шикізаттың құны жатады.

Жобаны енгізу бірінші және екінші топтың шығындар құнының өзгеруіне әкеледі. Бірнеше нұсқауларды есептеу капиталды шығындардың тиімді комбинациясын көрсетуі мүмкін. Мұндай талдауда жабдық жұмысының сенімділігін жоғарлату және өнім сапасын жақсарту есебінде пайданың қосымша статьяларының пайда болу мүмкіндігін ескеру қажет.

### 5.1 Электржетекті жобалауға кететін шығындар

Бұл жобаны құру және жобалау үшін 3 ай керек. Оны іске асыру үшін 1 инженер–құрастырушы, 2 инженер–жобалаушы және 1 консультант керек.

**5.1 - кесте - Қызметкердің еңбекақысына кететін шығындар**

| Қызметі | Саны | Еңбекақы көлемі, теңге | Жұмыс мерзімі, Ай | Сомасы, Теңге |
|---|---|---|---|---|
| Инженер-құрастырушы | 1 | 150000 | 4 | 600000 |
| Инженер-жобалаушы | 1 | 95000 | 2 | 190000 |
| консультант | 1 | 75000 | 1 | 75000 |
| Барлығы: | | | | 865000 |

Еңбекақыдан алынатын төлемдер. 20%–әлеуметтік салық, 15%–түсімге салынатын салық.

2525–айлық есептеу көрсеткіші.

$$2525 \cdot 15 = 37875 \text{ теңге}$$

$$(37875 – 3787,5 – 2525) = 31562,5 \text{ теңге}$$

$$31562,5 \cdot 7 \cdot 0,2 = 44187,5 \text{ теңге}$$

$$[865000 – 37875 \cdot 7 – (86500 – 3787,5 \cdot 7)] \cdot 0,15 = 80983,13 \text{ теңге}$$

$Ж_{төл}$ = 31562,5 + 80983,13 = 112 545,6 теңге

## 5.2 Электржетекті құруға кететін шығындар

Электржетекті құруға қажетті жабдықтар 5.2–кестеде көрсетілген.

**5.2- кесте**

| Құрал–жабдықтардың заттары | Саны | Бірлік құны | Жалпы құны |
|---|---|---|---|
| Автомат, 300А | 1 | 118000 | 118000 |
| Жылу релесі | 3 | 11000 | 33000 |
| Магнитті қосқыш | 3 | 11500 | 34500 |
| Сигналдау лампасы | 4 | 1100 | 4400 |
| Түйістіргіш | 3 | 1500 | 4500 |
| “Іске қосу” кнопкасы | 1 | 1200 | 1200 |
| “Тоқтату” кнопкасы | 1 | 1200 | 1200 |
| Вольтметр | 1 | 1300 | 1300 |
| Монтаждау сымдары | 50м | 135 | 6750 |
| Коректендіруші кабельдер | 100м | 235 | 23500 |
| Интегралды микросхемалар | 1 | 140000 | 140000 |
| Қорытынды | | | 23 500 140 |

Монтаждау жұмыстарына кететін шығын жабдықтар мен құрылғыларға кететін шығынның 5% құрайды.

$Ш_{монтаж} = Ш_{жабд} \cdot 0{,}5\% = 23\ 500\ 140 \cdot 0{,}05 = 1175017$ теңге

Сонда, жұмсалатын жалпы капиталдық шығын:

$$Ш_{к} = Ш_{төл} + Ш_{жабд} + Ш_{монтаж} + Ш_{жалақы} =$$

= 112 545,6 + 23 500 140 + 1175017 + 865000 = 2565270,26 теңге

Эксплуатациялық шығындар:

Жөндеу жұмыстарына кететін шығындар барлық соманың 10% құрайды.

$$Ш_{жөнд} = Ш_{жабд} \cdot 10\% = 23\ 500\ 140 \cdot 0{,}1 = 2350014 \text{ теңге}$$

Жабдықтардың амортизациясы.

Амортизациялық төлемдер жабдықтардың жалпы сомасының 15% құрайды.

$$Ш_{амор} = Ш_{жабд} \cdot 15\% = 23\ 500\ 140 \cdot 0{,}15 = 3525021 \text{ теңге}$$

Электрэнергиясына кететін шығындар.
Электр энергиясының шығыны 3 кВт·сағ болып табылады.

Уақыттың жылдық қоры келесідей

$Қ_{ж} = 252 \cdot 11 = 2772$

Электрэнергиясына кететін шығынын есептеу

$P_{электр} = 2772 \cdot 3 \cdot 4{,}6 = 38253$ тенге

Көтеру қондырғысын және басқарылатын электржетектің жұмысын бақылаушылар: қызмет көрсетуші инженердің еңбек ақысы 150000 тенге, ал электриктің еңбек ақысы 90000 теңгені құрайды. Барлығы 240000 тенге, төлемдерді қоса есептесек:

$$Ж_{бақыл.} = 240000 \cdot 12 = 2\ 880\ 000 \text{ теңге}$$

$$31562{,}5 \cdot 0{,}2 \cdot 12 = 75750 \text{ теңге}$$

$$(2\ 880\ 000 - 44187{,}5 - 257074) \cdot 0{,}15 = 386\ 810{,}8 \text{ теңге}$$

$$Ж_{төл} = 386\ 810{,}8 + 75750 = 462\ 560{,}8 \text{ теңге}$$

$$Ж_{бақыл.ж} = 240000 + 462\ 560{,}8 = 702\ 560{,}8 \text{ теңге}$$

### 5.3 Жалпы шығынды есептеу

Аталған жобаны іске асыруға қажетті жабдықтар жоғарыда аталып өтті, олардың құрайтын сомасы–55400 теңге. Аталған жатық іске қосу арқылы басқарылатын электржетекті құру үшін қажетті шығындар:

$$Ш_{жалпы} = Ш_{жонд.} + Ш_{аморт.} + Ш_{бақыл.ж} + Ш_{элек.эн};$$

$$Ш_{жалпы} = 2350014 + 3525021 + 702\ 560{,}8 + 38253 = 6\ 615\ 848{,}8 \text{ теңге}$$

**5.4 Үнемдеу есебі**

Жылдық экономиялық тиімділік:

$$Э_{ж} = Э - E_{н} \cdot K \text{, теңге}$$

мұндағы $Э$ – еңгізу нәтижесінде алынған экономия;
$E_{н}$ – тиімділіктің нормалық коэффициенті.

Экономия эксплуатациялық шығындарды қысқартуға байланысты алынады. Эксплуатациялық шығындар енгізуге дейін 8664072 теңгені құрады.

Осыдан экономия

$$Э = 8664072 - 6\,615\,848{,}8 = 2048223{,}2 \text{, теңге}$$

$$Э_{ж} = 2048223{,}2 - 0{,}32 \cdot 2565270{,}2 = 1227336{,}7 \text{, теңге}$$

Қайырып алу уақыты келесі формуламен анықталады:

$$T_{о} = \frac{K}{Э} = \frac{25652702{,}6}{2048223{,}2} = 12{,}5 жыл$$

мұндағы $T_{о}$ – қайырып алу мерзімі;
$K$ – капиталдық енгізу;
$Э$ – экономиялық тиімділік;

# ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жұмыста шақтылық көтеру қондырғысының электржетегінің механикалық бөлігіндегі негізгі элементтер есептеліп таңдалды. Көп арқанды ШКҚ жобалауға бастапқы берілістерге сәйкес жүргізілген есептеулер нәтижесінде жүк көтерімділігі Qп=25т болатын 2СН11-2 типті стандартты скип, ЦШ-5х4 типті көп арқанды көтеру машинасы, диаметрі 46,5 мм болатын ЛК-РО типті төрт көтеру арқанын және өлшемдері 170х27,5 мм болатын үш теңестіруші арқан таңдалды. Сонымен бірге бас білік бойынша шкивтің сырғымау шарты, көтеру операциясының есептік уақыты анықталды. Жетектік қозғалтқыштың шамамен алынған қуаты негізінде, көтеру қондырғысының кинематикасы мен динамикасының есептерін ескере отырып, жобалауға номинал қуаты Рном=5000 кВт, айналу жиілігі nном=63 айн/мин болатын П2-800-255-8КУ4 тұрақты ток қозғалтқышы қабылданды.

Шақтылық көтеру қондырғысының электржетегіне тұрақты ток қозғалтқышының таңдалуына оның асинхронды қозғалтқыштармен салыстырғандағы мынадай артықшылықтары себеп болды:

1) тұрақты ток қозғалтқышының механикалық сипаттамасы қатаңдығы жылдамдықты реттеудің барлық диапазонында (әсіресе жылдамдық алу және тежеу кезінде) біркелкі жоғары болуы;

2) арқанды жұлқып тартудың жоқтығы;

3) скиптің қозғалыс жылдамдығын реттеудің жатықтылығы.

Шақтылық көтеру қондырғысының электржетегінің элементтері есептеліп, КТЭУ-6300/1050-1249314-200Т-УХЛ4 типті жинақты (комплектік) тиристорлық электржетек, ТДНПД-12000/10У2 типті екі орамды, бір бакте екі актив бөлігі бар майлы трансформатор, номинал тогы 3200А және индуктивтілігі 0,5 мГн болатын СРОС3-3200МУХЛ4 типті реактор, номинал тогы 320 А және номинал кернеуі 460 В болатын ТПР9-320/460Р-31У4 типті тиристорлық қоздырғыш және номинал айналу жиілігі nтг ном=100 айн/мин және номинал кернеуі Uтг ном=230В болатын ПТ-42 типті тахогенератор таңдалды.

Көп арқанды шақтылық көтеру қондырғысының электржетегін автоматты басқару мәселелері қарастырылып, автоматты басқару жүйесінің параметрлері КТЭУ электржетегінің құрамына кіретін УБСР-АИ (унификацияланған, реттеудің блоктық жүйесі – аналогты интегралданған микросхемалар) элементтері негізінде есептелінді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Родченко А.Я., Евсеев Ю.В. Автоматизированный электропривод многоканатной подъемной установки. Ч.1. Механическая часть электропривода: Учеб.пособие /Норильский индустр. ин-т.– Норильск, 1996.- 44с.

2 Писарев А.И., Родченко А.Я. Автоматизированный электропривод многоканатной подъемной установки. Ч.2. Система «управляемый выпрямитель – двигатель» с реверсом возбуждения двигателя. Силовые элементы электропривода: Учеб.пособие /Норильский индустр. ин-т.– Норильск, 1996.- 48с.

3 Писарев А.И., Родченко А.Я. Автоматизированный электропривод многоканатной подъемной установки. Ч.3. Система «управляемый выпрямитель – двигатель» с реверсом возбуждения двигателя. Автоматическое управление электроприводом: Учеб.пособие /Норильский индустр. ин-т.– Норильск, 1996.- 26с.

4 Комплектные тиристорные электроприводы:Справочник / И.Х.Евзеров, А.С.Горобец, Б.И.Мошкович и др.; Под ред. канд. техн. наук В.М.Перельмутера.- М.:Энергоатомиздат, 1988.-319с.:ил.

5 Католиков В.Е., Динкель А.Д., Седунин А.М. Тиристорный электропривод с реверсом возбуждения двигателя рудничного подъема.- М.:Недра, 1990.- 382с.:ил.

6 Тиристорный электропривод рудничного подъема /А.Д.Динкель, В.Е.Католиков, В.И.Петренко, Л.М.Ковалев.-М.:Недра, 1977.-312с.:ил.

7 Александров К.К., Кузьмина Е.Г., Электротехнические чертежи и схемы.- М.:Энергоатомиздат, 1990.- 288с.:ил.

8 Католиков В.Е., Динкель А.Д., Седунин А.М. Автоматизированный электропривод подъемных установок глубоких шахт.- М.:Недра, 1983.-270с.:ил.

9 Малиновский А.К., Автоматизированный электропривод машин и установок шахт и рудников: Учебник для вузов.- М.:Недра,1987.- 277с.:ил.

10 Хаджиков Р.Н., Бутаков С.А., Горная механика:Учебник для техникумов.- 6-е изд., перераб. и доп.- М.:Недра, 1982.-407с.